

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ  
БАСШЫЛАРЫ МЕН ПЕДАГОГТЕРІН ЦИФРЛЫ АУЫЛДЫҚ  
МЕКТЕБІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР»**

**Астана, 2023**

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 20 маусым № 3 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды.

«Ауылдық және шағын жинақты мектептердің басшылары мен педагогтерін цифрлы ауылдық мектебінде жұмыс істеуге дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар» – Астана қаласы: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 55 б.

Әдістемелік ұсынымдама Қазақстан Республикасы Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 81-ші «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» тармағында сәйкес әзірленген Жол картасының «1.3. Мектеп әкімшілігі мен педагогтеріне білім алушыларды онлайн форматта және цифрлы оқу материалдары арқылы оқытуды ұйымдастыру және өткізу» тармағын басшылыққа алып әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдарды Облыстық, аудандық білім басқармаларының әдіскерлері, тірек және шағын жинақты ауыл мектептердің педагогтері, білім беру ұйымдарының басшылары қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

© БІ. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2023

## КІРІСПЕ

Жаһандану, технологияландыру, қоршаған әлемнің көз ілеспес жылдамдықпен күн сайын жаңаруы сияқты цифрлы дәуірдің сын-қатерлері білім мазмұнына, құрылымына, мақсаттарына, әдістеріне айтарлықтай әсер етеді. Цифрлы технологиялар әлеуметтік дамудың ажырамас бөлігі бола отырып, орта білім беруде оқу процесін айтарлықтай өзгертеді.

Білім беруді цифрландыру және білім беру процесіне ақпараттық технологияларды белсенді енгізу жағдайында орта білім берудің педагогикалық құрамына қойылатын талаптар да өзгеруде. Бұл, әсіресе мектептер қашықтан оқыту форматын қолдана бастаған кезде байқалады.

Цифрландыруды таңдағанда педагогикалық технологиялардың басымдығын есте ұстаған жөн. Әрине, бірінші кезекте – педагогика. Цифрлы құралдар тек оның құрамдас бөлігі болуы керек. Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практика жүзінде меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Цифрлы технологияларда білім берудің объективті заңдарын елемеу балалардың дамуы мен тәрбиесіне орны толмас зиян келтіріп, білім беру процесінің сапасын төмендетеді.

Қазіргі таңда ауыл мектептерінің цифрлы мүмкіндіктері кеңею үстінде. Әрбір педагог пен білім алушы цифрлы білім беру ортасына қол жеткізе алады. Технология қарқынды түрде дамып келеді. Кеше ғана біз үшін сағымдай болып көрінген болашақтың технологиялары бүгінде біздің күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналып бара жатқандай.

Цифрлы трансформациялау идеясын әлемдік тренд деуге болады. Күтпеген жерден адамзат баласын дағдарысқа ұшыратқан пандемия бұл процестің катализаторы болды және оны әдіснамалық қамтамасыз ету үшін ғалымдардың күш-жігерін бір жерге шоғырландыруға өз септігін тигізді.

Қазіргі жалпы білім беретін мектептің басты міндеті – жаңартылған сапалы білімге қол жеткізу.

Бұл мәселені шешу үшін бірқатар психологиялық-педагогикалық шарттарды орындау міндетті: оқу процесінің балалардың функционалдық және психологиялық мүмкіндіктеріне сәйкестігі, ересектер мен балалардың қарым-қатынасы, әр балаға іс-әрекетті, серіктестікті таңдау еркіндігін беру, баланың эмоционалды-құндылықтық, танымдық, эстетикалық дамуына және оның даралығын сақтауға ықпал ететін білім беру ортасын құру, шығармашылық өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері, қазіргі жаңашыл жағдайда тәуелсіз өмір сүруге бейімделу.

Білім беру сапасының мәселесін шешу – сыртқы ортаның және қоғам қажеттіліктерінің өзгеруіне мектептің қаншалықты сай және уақтылы жауап беретініне байланысты.

Әдістемелік ұсынымдарда қашықтан оқыту форматында білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін педагогтердің біліктілігін арттырудың тақырыптары мен бағыттары, сондай-ақ ауыл мектептері педагогтерінің негізгі құзыреттерін

қалыптастыру контекстінде цифрлы технологияларды пайдалану мүмкіндіктері ұсынылған.

Білімге цифрландыруды енгізуді регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар жүйеленді.

Білім беру жүйесін цифрлы трансформациялау, жаңа әдістемелерді енгізе отырып, білім беру платформалық форматында оқу процесін құру қажеттілігі негізделді.

Білім беру процестерін жекелендіруді қамтамасыз ететін, оқытуды оңтайландыратын құралдардың кешені ретінде цифрландыруды енгізудің неғұрлым тиімді жолдарын іздеу қажеттілігі өзектендірілді.

## **1. АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ БАСШЫЛАРЫН ЦИФРЛЫ АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДАУ**

Бүгінгі таңда білім берудегі цифрлық технологиялардың тиімділігін келесі негізгі бағыттардан көруге болады:

- Барлық басқа салалардағыдай, білім беруді цифрландыру ұйымдастырушылық міндеттерді жеңілдетеді. Мектептің электронды күнделігінде ақпарат жазу немесе беру (мысалы, педагог білім алушының ата-анасына немесе керісінше) ыңғайлы.

- Цифрландыру білім алушылар үшін білім алуды ыңғайлы етеді. Гибридті оқыту – білім алушылардың бір бөлігіне педагогпен бір аудиторияда, ал бір бөлігіне сабаққа қатыспай (мысалы, ауырып қалу, т.б. жағдайларда) үйден қашықтан қосылуға мүмкіндік береді, яғни білім алушы сабақтарды өткізіп алмай, уақытылы қатыса алады. Аралас оқыту мүмкіндіктері, яғни сыныпта әдеттегі сабақ форматымен қатар, цифрлық технологияны қолдану – оқуды жекелендіруге көмектеседі: қабілеті бар білім алушыларға қиынырақ тақырыптар мен сабақтар өткізу, ал үлгерімі төмен білім алушылар үшін күрделі тақырыптарды шешуге көмектеседі.

*Анықтама:*

*Аралас немесе гибридті оқыту – бұл педагог білім алушының өзі оқу қарқынын бақылайтын дәстүрлі сабақтарын қашықтан оқыту сабақтарымен біріктіретін білім беру тәсілі. Күндізгі оқу сабақтарында балалар қарым-қатынасты үйренеді, ойлау мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады, ал өздігінен жүргізілетін сабақтар барысында жоспарлау, бақылау дағдыларын дамытады, өз уақытын үнемдеуді және ақпарат іздеуді үйренеді.*

- Онлайн формат әдеттегі форматқа қарағанда білім беру мазмұнының кең спектріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Цифрлы шешімдер әр білім алушы үшін жеке-жеке көптеген жаңа, қайталанбайтын тапсырмаларды құруға мүмкіндік береді.

- Цифрлы ортада оқыту кейінірек оқу процесін жақсарту үшін деректерді жинауға және талдауға мүмкіндік береді. Оқу аналитикасы ауқымды білім беру жүйелері шеңберіндегі басқару құралы ғана емес, ол бірнеше сыныптармен жұмыс істейтін педагогке де пайдалы болуы мүмкін. Арнайы онлайн-тестілеудің педагогтерге өз сыныбындағы білім алушыларда туындайтын қиындықтарды немесе керісінше бұрын-соңды көрсете алмаған жетістіктерін байқауға мүмкіндік беретіні туралы мысалдар бар. Бұл жағынан техника бейтарап.

*Бір сөзбен айтқанда, цифрландыру – оқытушы және онымен тікелей қарым-қатынас жасайтын дәстүрлі білім беру форматын алмастыру емес. Бұл, бір жағынан, дәстүрлі форматқа балама, ал екінші жағынан, оған көмек, жаңа ыңғайлы құралдар.*

Мектептің табысты дамуы, нәтижелілігі көбінесе оның басшылығының сапасымен, мектеп директорының ұйымдастырушылық-педагогикалық қызметінің сипатымен анықталады. Ауылдық шағын жинақты мектептің

директоры басқарудың негізгі субъектісі бола отырып, бірнеше рөлдерді атқарады: басшы, педагог, тәрбиеші, әкімші, әдіскер, шаруашылық жүргізуші және т.б. Білім беру мекемелерінің басшылық қызметі жан-жақтылықты, терең кәсіби дайындықты, білім мен дағдылары мен жеке қасиеттерін үнемі жаңартып, жетілдіріп отыруды талап етеді.

Ауыл мектебі – болашақ ұлт мектебінің негізін қалаушы, ұлттық білім саясатын жүзеге асырушы білім беру ұйымы. Ауыл мектебінің бір ерекшелігі – саны аз және шағын жинақты. Шағын жинақты мектеп бірқатар параметрлер бойынша ірі ауылдық немесе қалалық мектептен ерекшеленеді, құрылымында, басқару деңгейлерінде, штат кестесінің ерекшеліктерінде және міндеттерді бөлуде көрінетін өзіндік айырмашылықтары бар. Ауылдық шағын жинақты мектеп директорының қызметі сыртқы және ішкі сипаттағы бірқатар жағдайлармен анықталады: сыртқы орта, қоғамның жағдайы, оқу орнының ерекшеліктері.

Ағымдағы жағдайды бақылау нәтижесі ауылдық мектеп директорларының көпшілігінде қалыптасқан білім, білік, дағдылар мен жұмыс әдістері қазіргі мектеп басшысына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Педагогикалық ұжымның, білім алушылар ұжымының, техникалық персоналдың қызметін ұйымдастырушы ретінде мектеп директоры оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ғылыми негіздерін, педагогтердің педагогикалық еңбегін, білім алушылардың жас ерекшеліктерін, мектепті қоршаған ортаның ерекшеліктерін білуге сүйенеді. Бірақ мектеп директорының көпфункционалды басқару қызметі мұнымен шектелмейді.

Мектеп басшысының ұйымдастырушылық қызметі оның шығармашылық қызметімен үйлеседі, өйткені ол нақты жағдайларды және үнемі туындайтын басқарушылық, педагогикалық жағдайларды ескере отырып, мектепті, оның бөлімшелерін басқару құрылымын жасап, жетілдіреді. Оның қызметі өзгермелі ортада жүзеге асады: білім алушылар үнемі өзгеріп отырады, педагогтер арасындағы іскерлік және тұлғааралық қатынастар өзгереді, мектеп әлеуметтік ортаның динамикалық көп факторлы әсерін сезінеді, қоғам заманауи сын-қатерлер мен сапаға жаңа талаптар қояды. Бұл динамика басшылыққа бейресми, икемді тәсілді ұсынады.

Шағын жинақты мектептер білім алушыларының сапалы білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша **шағын жинақты мектептердің басшыларын** жұмысқа дайындау үшін «Шағын жинақты мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді.

*Білім беру бағдарламасының өзектілігі* цифрландыру жағдайында ұлттық басымдықтарға сәйкес келетін тиімді білім беру жүйесін құрудан тұратын ауылдық шағын жинақты мектеп қызметін жаңғыртумен байланысты.

Бағдарлама білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайында ауылдық шағын жинақты мектеп (бұдан әрі – ШЖМ) жетекшілерінің басқарушылық дағдыларын арттыруға бағытталған. Білім берудің цифрлық трансформациясы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктеріне негізделген қызметті жан-жақты

қайта қарау ретінде қарастырылады және өзгерістерге бейім білім беру ұйымының дамуын басқарудың жаңа мәдениетін қалыптастыруды талап етеді.

Бағдарлама «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңы Білім беру жүйесін басқару 2-тарауының 37.2-бабын іске асыруға бағытталған және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының 3 «Сапалы білім беру» жалпыұлттық басымдығына сәйкес келеді.

Бағдарлама бойынша оқыту барысында келесі терминдер мен ұғымдар қолданылады:

*Инновациялық менеджмент* – инновацияларды, инновациялық процесті және инновациялар қозғалысы процесінде туындайтын қатынастарды басқару жүйесі.

*Контент маркетингі* – сенімге ие болу және әлеуетті қолданушыларды тарту мақсатында тұтынушыға пайдалы ақпаратты құруға немесе таратуға негізделген маркетингтік әдістердің жиынтығы.

*Ашық білім беру платформасы* – оқу материалдарына еркін қолжетімділікті сақтауға, ақпарат алмасуға, тапсырмаларды орындауға, сақтауға және тапсыруға болатын онлайн сервис.

*Басқару стилі* – бұл персоналды басқару, жауапты тұлғаларды анықтау, өкілеттіктерді бөлу және басқару шешімдерін қабылдау негізінде құрылатын көшбасшы мінез-құлқының белгілі, қалыптасқан моделі.

*Цифрлық қауіпсіздік* – бұл интернетке қосылған жүйелерді (аппараттық, бағдарламалық жасақтама және деректер) қауіптерден қорғау.

*Цифрлық сауаттылық* – бұл компьютерлік бағдарламалау дағдыларын, ақпаратты іздеу мен бөлісуді, басқа адамдармен қарым-қатынасты қоса алғанда, цифрлық технологиялар арқылы мазмұнды құру және пайдалану мүмкіндігі.

*Цифрлық білім беру ортасы* – білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің жиынтығы.

*Цифрлық педагогика* – бұл әртүрлі цифрлық технологияларды (компьютерлер, гаджеттер, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.) қамтитын және нәтижесінде білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін педагогикалық процесс.

*Цифрлық технология* – ақпаратты цифрлы түрде, электронды түрде жасау, қарау, тарату, өзгерту, сақтау, алу, беру және алу үшін пайдалануға болатын кез келген өнім.

*Цифрлық трансформация* – бұл цифрлық білім беру ортасындағы білім беру процесінің құрамдас бөліктерін жүйелі және синергетикалық жаңарту.

*Цифрлық мектеп* – бұл жалпы білім берудің сапасы мен қолжетімділігін түбегейлі арттыруға қабілетті бірыңғай ақпараттық білім беру ортасын құруға мүмкіндік беретін аппараттық-бағдарламалық құралдар, smart-технологиялар мен әдіснамалар кешені.

*Цифрлық білім беру* – негізгі құралдары цифрлық технологиялар, цифрлық құралдар болып табылатын цифрлық білім беру ортасында мақсаттан нәтижеге қарай жылжу кезінде білім алушылар мен білім алушылар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру процесі.

*Цифрлық құралдар жинағы* – цифрлық ресурстарды құру және дамыту үшін еркін қолжетімді қолданбалы бағдарламалық құралдар жиынтығы.

*Цифрлық қызмет* – бұл пайдаланушыларға ресурстарға меншік құқығын бермей, ақпараттық ресурстарды ұсына отырып, қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қызметтер жиынтығы.

### Бағдарламаның тақырыптары

1-модуль. Цифрлық білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	1.1 Цифрлық трансформация жағдайында орта білім беру ұйымдары басшыларының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық аспектілері
	1.2 ISTE білім беру ұйымы басшысының стандарты. Ауыл мектептерін цифрландырудың халықаралық тәжірибесі
	1.3 Мектепті дамыту бағдарламасын әзірлеудегі: цифрлық аспект
	1.4 Цифрландыру жағдайында мектепшілік бақылау
2-модуль. Цифрлық білім: ұйымдастырушылық аспект	2.1 Цифрлық оқыту жағдайындағы ауыл мектептері басшыларының басқару қызметі
	2.2 ШЖМ цифрлық инфрақұрылымын жаңғырту: мобильді құрылғылар, желі, онлайн оқыту құралдары және қоршаған орта
	2.3 Бұлттарға негізделген мектеп командасын басқару: «Microsoft, Google» қызметтерін пайдалану. Мектептегі цифрлық қауіпсіздік саясаты
	2.4 ШЖМ цифрлық ортасының мониторингі: электрондық құжат айналымы, кадрларды есепке алу, оқу процесін ұйымдастыру сервистерін қолдану
	2.5 Цифрлық ауыл мектебіндегі инновацияларды басқару: мұғалімдерді қолдау жоспарын әзірлеу, озық тәжірибелерді тарату, ата-аналарды тарту және қауымдастықтар
	2.6 Мектепті басқарудың цифрлық технологияларын қолдану
	2.7 Мектептің және басшының қоғамдық белсенділігінің қызметтері: сайтты, әлеуметтік желілерді, контентмаркетингтерді толтыру
3-модуль. Цифрлық білім беру процесін басқару	3.1 Оқу процесін цифрлық форматта басқару: мектеп басшысы мен әкімшілігінің жаңа құзыреттерін талдау
	3.2 ШЖМ-да цифрлық білім беру ортасын жобалау
	3.3. Цифрландыру жағдайында ауылдық шағын жинақталған мектепте білім беру сапасын басқару тетіктерін әзірлеу
	3.4 Мектептің әдістемелік тақырыбын, педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптарын таңдау. Цифрлық трансформация жағдайында мектеп педагогтерінің үздіксіз кәсіби даму процесін басқару
4-модуль. Вариативті модуль	4.1 Білім беру ұйымы басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы



	4.2 Педагогтің кәсіби этикасы: ерекшелігі мен құрылымы
	4.3 Оқыту мен оқу тәжірибесіндегі цифрлық құралдар мен қызметтер: «Padlet», «Wizer.me», «Kahoot», «WordWall», «Phet.colorado», «Liveworksheets», «Classtime», «Sli.do», «Plickers», «Flippiti», «Quiziz», «Mentimeter» және т. б.
	4.4 Цифрлы ортадағы оқу нәтижелерін бағалау. Цифрлық форматта кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыру

Ұсынылған тақырып Эстония, Финляндия, Вьетнам, Кения сияқты ауыл мектептерін цифрландырудың тиімді халықаралық тәжірибесін талдауға негізделген.

2-модульде ұсынылған тақырыптар цифрландыру жағдайында ШЖМ басшысының басқару қызметінің ерекшелігін көрсетеді.

3-модульде цифрлық құралдарды ескере отырып, ШЖМ басшысы қызметінің негізгі бағыттары бойынша егжей-тегжейлі тақырыптар ұсынылған.

4-модульде екі бағытта таңдауға болатын тақырыптар ұсынылады: 1) педагогикалық мәдениет деңгейін, басшылардың адамгершілік құндылықтары мен мақсаттарын дамыту; 2) оқыту мен бағалаудың цифрлық құралдарын зерделеу арқылы оқыту сапасын бақылау мүмкіндіктерін кеңейту.

**Бағдарламаның мақсаты** – цифрлық трансформация жағдайында оқу процесін тиімді басқару үшін ауылдық ШЖМ басшыларының басқарушылық құзыреттілігін арттыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

1) цифрлық трансформация жағдайында орта білім беру ұйымдары басшыларының қызметін реттейтін құқықтық актілерді талдау;

2) ауылдық ШЖМ-ны басқарудың тиімді халықаралық тәжірибесін және цифрлық трансформация жағдайында басқару қызметін өзгерту ерекшеліктерін қарастыру;

3) цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жоспарлауда, бақылауда, топтық жұмыс жасауда басқарушылық құзыреттілігін арттыру;

4) инновациялық тәсілдер негізінде ауылдық ШЖМ-да цифрлық білім беру ортасын жобалау.

**Күтілетін нәтижелер**

Курсты аяқтағаннан кейін қатысушылар:

1) білім беру жүйесін цифрландырудың құқықтық және теориялық негіздерін түсінетінін көрсетеді; білім беру саласындағы цифрлық трансформацияның негізгі бағыттарын біледі;

2) трансформация жағдайында мектептегі білім беру ортасында жылдам өзгерістерді жүзеге асыруға, цифрлық пәндерді оқытудағы тәсілдерді жаңартуға бейімдейді;

3) цифрлық трансформация тетіктерін ескере отырып, мектепті дамыту бағдарламасын әзірлейді;

4) ШЖМ цифрлық ортасына мониторинг жүргізеді, цифрлық құралдарды пайдалана отырып, мектепшілік бақылауды жүзеге асырады;

5) өзіндік басқару тәжірибесі бойынша талдайды, бағалайды, қорытынды жасайды, жұмыс тәжірибесімен алмасады.

Бағдарлама білім беруді цифрлық трансформациялаудың негіздерін, ауылдық ШЖМ-да оны басқару тетіктерінің практикалық аспектілерін дәйекті түрде ашатын өзара байланысты 3 модульден тұрады, оның ішінде:

**1) 1-модуль.** Цифрлық білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Модульде цифрлық трансформация жағдайында орта білім беру ұйымдары басшыларының қызметін реттейтін тиісті құқықтық актілерге талдау келтірілген: Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары [1]. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Білім беру процесін қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 137 бұйрығы. (03 қараша 2021 ж. № 547 өзгерістерімен) және т.б. Сондай-ақ, ISTE сәйкес білім беру ұйымы басшысының құзыреттері қарастырылады, ауыл мектептерін цифрландыру бойынша халықаралық тәжірибенің өзекті мысалдары келтіріледі, мектепті дамыту бағдарламасы мен мектепшілік бақылауды жүргізудің ерекшеліктері қарастырылады. Бұл мазмұн бірінші және екінші міндеттерге және Бағдарламаның бірінші және екінші оқу нәтижелеріне толығымен сәйкес келеді.

**2) 2-модуль.** Цифрлық білім беру: ұйымдастырушылық аспект

Бұл модульде цифрландыру аспектісінде ауылдық ШЖМ басшыларының басқарушылық құзыреттілігін жетілдіру мәселелерін қарастырады. Тәжірибеге бағытталған сабақтардың мазмұны цифрлық технологиялармен қаныққан білім беру ортасында стратегиялық жоспарлай білу қабілетін дамытуға, жалпы мектептік және өзін-өзі басқаруға арналған цифрлық құралдарды қолдануға, цифрлы шешімдердің көмегімен педагогтер тобын құруға бағытталған. Тақырыптардың мұндай тізбектілігі Бағдарламаның 2-3 міндеттерін жүзеге асыруға және 3-4 оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**3) 3-модуль.** Цифрлық білім беру процесін басқару

Бұл модульде ШЖМ-да цифрлық білім беру ортасын жобалау және цифрлық шешімдер арқылы ауыл мектебін дамытуды жоспарлау, тиімді мектепшілік бақылау тетіктері, «Total Quality Management» негізінде білім беру сапасын басқару технологиясы қарастырылады. Соның ішінде цифрлы форматта басшы мен әкімшіліктің басқарушылық құзыреттілігін талдау тақырыптардың арасында маңызды орын алады: адами ресурстарды басқару, өзгерістерді басқару, мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуын басқару, мектепті дамыту бағдарламасының өзгерісі мен мектепшілік бақылау тетіктері дәйекті талданады. Тақырыптарды осылайша бөлу Бағдарламаның 3-5 оқу нәтижелерінің толық орындалуына ықпал етеді.

#### 4) **4-модуль.** Вариативті

Модуль «Педагог» кәсіби стандартында көрсетілген кәсіби құндылықтарды қарастыруға, сондай-ақ оқыту мен оқу практикасында, оның ішінде кері байланыс пен бағалау рәсімін ұйымдастыру үшін цифрлы құралдарды пайдалану мәселелеріне арналған.

#### **Оқу процесін ұйымдастыру**

Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1. Күндізгі оқу нысаны бойынша курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес күндізгі оқу нысаны (бұдан әрі – ОТЖ). Күндізгі бөлімдегі курстардың ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ сағаттарының саны екі есеге азаяды;

2. Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес онлайн оқыту және екі кезеңде оқыту: қашықтан оқыту (онлайн) – 40 сағат, өздігінше оқу (оффлайн) – 40 сағат.

Оқыту процесі оқытудың интербелсенді түрі мен әдістерін қамтиды: семинар, тренинг, тәжірибелік жұмыс (ТООЖ, ТӨЖ), топпен жұмыс, бірлесіп мәселелерді шешу, сонымен қатар кейстерді шешу, онлайн түріндегі курс үшін онлайн-вебинар жүргізу және тыңдаушының өздігінше оқуы қарастырылған.

Оқыту процесі толықтай меңгерілетін тақырыптарды жаңаша түсінуге, сұрақтардың дұрыс меңгерілуіне және курстың әрбір қатысушысының жеке қыры ашылуына әсер ететіндей қатысушылар мен оқытушылардың интербелсенді ынтымақтастығына негізделген.

Оқыту процесін ұйымдастыруда қатысушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында шығу сауалнамасы, диагностикалық және қорытынды тестілеу өткізіледі.

**Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету** – оқу-әдістемелік кешеннен (ОӘК) тұрады, ол білім беру процесін жүзеге асыру үшін қажетті жүйеленген оқу-әдістемелік құжаттардың жиынтығы. Олар оқу бағдарламасын, презентацияларды, тест тапсырмалар банкін, қатысушының портфелін қамтиды.

Оқу бағдарламасында ОӘК-де қарастырылған сабақтардың қысқаша жоспарлары мен сценарийлері, бағалау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар, тест тапсырмаларының кодификаторы мен банкі, әдебиеттер тізімі берілген.

Сабақ сценарийлері сабақтың әр кезеңінде қатысушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың формалары мен тәсілдерін, тапсырмаларды, оның ішінде дескрипторлармен формативті бағалау тапсырмаларын, оқу мәтіндерін сипаттауды қамтиды.

Қатысушылар портфелі – бұл бағдарлама мазмұнын толықтыратын құрылымдық материалдардың жиынтығы немесе инфотекасы. Портфельде Бағдарламаның мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне жауап беретін нормативтік құқықтық актілерге, практикалық ресурстарға, оқу-әдістемелік құралдарға, мақалаларға сілтемелер берілген. Портфельде қатысушылар үшін жоғары практикалық маңызы бар және бағдарламаның мазмұнына сәйкес

құрылымдалған курс бағдарламасы бойынша өзекті материалдар мен ресурстардың тізімі бар.

Барлық ОӘК Microsoft OneDrive және <https://lms.orleu-online.kz/> платформасына жүктеледі.

### Ауылдық шағын жинақты мектептер басшыларына арналған күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыптары	Сабақ	Жоба қорғау	Тестілеу	Барлығы
	Диагностикалық тестілеу			1	1
<b>1</b>	<b>1-модуль. Цифрлық білім беруді дамытудың-нормативтік-құқықтық аспектілері</b>	<b>10</b>			<b>10</b>
1.1	Цифрлық трансформация жағдайында орта білім беру ұйымдары басшыларының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық аспектілері	2			2
1.2	ISTE білім беру ұйымы басшысының стандарты. Ауыл мектептерін цифрландырудың халықаралық тәжірибесі	2			2
1.3	Мектепті дамыту бағдарламасын әзірлеудегі цифрлық аспект	4			4
1.4	Цифрландыру жағдайында мектепшілік бақылау	2			2
<b>2</b>	<b>2-модуль. Цифрлық білім: ұйымдастырушылық аспект</b>	<b>46</b>			<b>46</b>
2.1	Цифрлық оқыту жағдайындағы ауыл мектептері басшыларының басқару қызметі	2			2
2.2	ШЖМ цифрлық инфрақұрылымын жаңғырту: мобильді құрылғылар, желі, онлайн оқыту құралдары және қоршаған орта	8			8
2.3	Бұлттарға негізделген мектеп командасын басқару: Microsoft, Google қызметтерін пайдалану. Мектептегі цифрлық қауіпсіздік саясаты	8			8
2.4	ШЖМ цифрлық ортасының мониторингі: электрондық құжат айналымы, кадрларды есепке алу,	8			8

	оқу процесін ұйымдастыру сервистерін қолдану				
2.5	Цифрлық ауыл мектебіндегі инновацияларды басқару: педагогтерді қолдау жоспарын әзірлеу, озық тәжірибелерді тарату, ата-аналарды тарту және қауымдастықтар	8			8
2.6	Мектепті басқарудың цифрлық технологияларын қолдану	4			4
2.7	Мектептің және басшының қоғамдық белсенділігінің қызметтері: сайтты, әлеуметтік желілерді, контент маркетингтерді толтыру	8			8
<b>3</b>	<b>3-модуль. Цифрлы білім беру процесін басқару</b>	<b>16</b>			<b>16</b>
3.1	Оқу процесін цифрлық форматта басқару: мектеп басшысы мен әкімшілігінің жаңа құзыреттерін талдау	2			2
3.2	ШЖМ-да цифрлық білім беру ортасын жобалау	8			8
3	Цифрландыру жағдайында ауылдық шағын жинақталған мектепте білім беру сапасын басқару тетіктерін әзірлеу	4			4
4	Мектептің әдістемелік тақырыбын, педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптарын таңдау. Цифрлық трансформация жағдайында мектеп педагогтерінің үздіксіз кәсіби даму процесін басқару	2			2
<b>4</b>	<b>4-модуль. Вариативті модуль</b>	<b>6</b>			<b>6</b>
4.1	Білім беру ұйымы басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы				
4.2	Педагогтің кәсіби этикасы: ерекшелігі мен құрылымы				
4.3	Оқыту және оқу тәжірибесіндегі цифрлы құралдар мен қызметтер: «Padlet», «Wizer.me», «Kahoot», «WordWall», «Phet.colorado», «Liveworksheets», «Classtime»,				

	«Sli.do», «Plickers», «Flippiti», «Quiziz», «Mentimeter» және т. б.				
4.4	Цифрлық ортадағы оқу нәтижелерін бағалау. Цифрлық форматта кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыру				
	<b>Қорытынды тестілеу</b>		<b>2</b>		<b>4</b>
	<b>Барлығы</b>	<b>78</b>	<b>2</b>		<b>80</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

**Ауылдық шағын жинақты мектеп басшыларына арналған күндізгі оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыптары	Вебинар	Жоба қорғау	Тестілеу	Тыңдаушының өзіндік жұмысы	Барлығы
<b>1</b>	<b>1-модуль. Цифрлы білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері</b>	<b>5</b>			<b>5</b>	<b>10</b>
1.1	Цифрлы трансформация жағдайында орта білім беру ұйымдары басшыларының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық аспектілері	1			1	2
1.2	«ISTE» білім беру ұйымы басшысының стандарты. Ауыл мектептерін цифрландырудың халықаралық тәжірибесі	1			1	2
1.3	Мектепті дамыту бағдарламасын әзірлеудегі: цифрлық аспект	2			2	4
1.4	Цифрландыру жағдайында мектепшілік бақылау	1			1	2
<b>2</b>	<b>2-модуль. Цифрлы білім: ұйымдастырушылық аспект</b>	<b>22</b>			<b>24</b>	<b>46</b>

2.1	Цифрлық оқыту жағдайындағы ауыл мектептері басшыларының басқару қызметі	2			2	4
2.2	ШЖМ цифрлы инфрақұрылымын жаңғырту: мобильді құрылғылар, желі, онлайн оқыту құралдары және қоршаған орта	4			4	8
2.3	Бұлттарға негізделген мектеп командасын басқару: «Microsoft», «Google» қызметтерін пайдалану. Мектептегі цифрлық қауіпсіздік саясаты	4			4	8
2.4	ШЖМ цифрлы ортасының мониторингі: электрондық құжат айналымы, кадрларды есепке алу, оқу процесін ұйымдастыру сервистерін қолдану	4			4	8
2.5	Цифрлы ауыл мектебіндегі инновацияларды басқару: педагогтерді қолдау жоспарын әзірлеу, озық тәжірибелерді тарату, ата-аналарды тарту және қауымдастықтар	4			4	8
2.6	Мектепті басқарудың цифрлы технологияларын қолдану	2			2	4
2.7	Мектептің және басшының қоғамдық белсенділігінің қызметтері: сайтты, әлеуметтік желілерді, контент маркетингтерді толтыру	2			4	6
<b>3</b>	<b>3-модуль. Цифрлық білім беру процесін басқару</b>	<b>8</b>			<b>8</b>	<b>16</b>

3.1	Оқу процесін цифрлы форматта басқару: мектеп басшысы мен әкімшілігінің жаңа құзыреттерін талдау	1			1	2
3.2.	ШЖМ-да цифрлы білім беру ортасын жобалау	4	4		4	8
3.3	Цифрландыру жағдайында ауылдық шағын жинақталған мектепте білім беру сапасын басқару тетіктерін әзірлеу	2			2	4
3.4	Мектептің әдістемелік, педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша таңдау. Цифрлы трансформация жағдайында мектеп педагогтерінің үздіксіз кәсіби даму процесін басқару	1			1	2
4	<b>4-модуль.</b> <b>Вариативті модуль</b>	3			3	6
	Білім беру ұйымы басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеті					
4.2	Педагогтің кәсіби этикасы: ерекшелігі мен құрылымы					
4.3	Оқыту және оқу тәжірибесіндегі цифрлық құралдар мен қызметтер: «Padlet», «Wizer.me», «Kahoot», «WordWall», «Phet.colorado», «Liveworksheets», «Classtime», «Sli.do», «Plickers», «Flippiti», «Quiziz», «Mentimeter» және т. б.					
	Цифрлы ортадағы оқу нәтижелерін бағалау. Цифрлы форматта кері байланыс пен рефлексия ұйымдастыру					



	<b>Қорытынды тестілеу</b>		2			2
	<b>Барлығы</b>	38	2		40	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

### ***Бағалау жүйесін ұйымдастырудың сипаттамасы***

Қатысушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу процесінде де – қалыптастырушы бағалау, сондай-ақ курс аяқталғаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

*Қалыптастырушы бағалау* білім мен дағдыларды аралық бақылау және түзету үшін қолданылады. Практикалық тапсырмаларды орындау түрінде өткізіледі. Тапсырмалар, орындау бойынша нұсқаулар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру анықтамалары, тапсырмаларды бағалау критерийлері біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде қатысушыларға топтық формада және жеке сұраныстар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі.

Оқытушы қатысушылардың кесте бойынша тапсырмаларды орындауын қадағалайды, жақсарту орындары мен жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс жасайды.

*Жиынтық бағалау* мектепті дамыту бағдарламасының үзіндісін панорамалық қорғау түрінде жүргізіледі: Мектепті дамыту бағдарламалары: Цифрлы мектеп, қорытынды тестілеу және т.б.

Қорытынды тестілеу үшін модульде оқылатын әрбір тақырып бойынша 5-тен 15-ке дейін тапсырмадан тұратын тапсырмалар банкі әзірленеді. Тыңдаушы 24 тест тапсырмасынан, әр тақырып бойынша 1-ден 3-ке дейін тапсырмадан тұратын тест тапсырады. Тапсырмалар кездейсоқ таңдалады. *Жиынтық бағалау* мектепті дамыту бағдарламасының үзіндісін панорамалық қорғау түрінде жүргізіледі: цифрлық мектеп тәжірибеге бағытталған және білім беру бағдарламасының модульдерінің мазмұнына сәйкес келеді, отандық білім беруді реформалау мен жаңғыртудың қазіргі жай-күйін, білім беруді цифрлық трансформациялау проблемаларын көрсетеді. Ауызша берілетін уақыт шамамен – 5-7 минут.

### ***Үзінділерді бағалау критерийлері***

#### ***Мектептерді дамыту бағдарламалары: Цифрлы мектеп***

Қорғау үшін шағын топ қатысушыларына (барлығы 5 шағын топ) цифрлы мектепті дамыту бағдарламасының үзіндісін әзірлеу ұсынылады.

Бағалау құралының паспорты:

***Тапсырма.*** Білім беруді цифрландыру аспектісінде білім беру ұйымын дамыту бағдарламасының қысқаша нұсқасын дайындау.

Бағдарламада білім беру ұйымын дамыту мәселелері бойынша басқарушылық ұстанымды көрсету:

– білім беру ұйымының қызметін талдау;

- білім беру ұйымының қызметіне мемлекет пен қоғамның заманауи талаптары;
- білім беру ұйымын дамытудың бес жылға арналған басымдықтары;
- білім беру ұйымының негізгі «өсу нүктелері», инновациялары мен даму тетіктері.

Параметрлері	Проблемаға бағытталған талдау			Цифрлы мектеп: мектептің даму бағдарламасының тұжырымдамалық негіздері			Цифрлы мектеп: мектептің даму бағдарламасының негізгі (стратегиялық) бағыттары, мақсаттары, міндеттері және басымдықтарының бағыттарын іске асыру			Цифрлы мектеп (даму бағдарламасын іске асыру кезеңдері): мектептің даму бағдарламасын тактикалық іске асыру жоспары			Цифрлы мектеп: мектептің даму бағдарламасын іске асыруды басқару механизмі		
	іске асырылған жоқ (0 балл)	ішінара жүзеге асырылды (1 балл)	толығымен жүзеге асырылды (2балл)	іске асырылған жоқ (0 балл)	ішінара жүзеге асырылды (1 балл)	толығымен жүзеге асырылды (2балл)	іске асырылған жоқ (0 балл)	ішінара жүзеге асырылды (1 балл)	толығымен жүзеге асырылды (2 балл)	іске асырылған жоқ (0 балл)	ішінара жүзеге асырылды (1 балл)	толығымен жүзеге асырылды (2 балл)	іске асырылған жоқ (0 балл)	ішінара жүзеге асырылды (1 балл)	толығымен жүзеге асырылды (2 балл)
Өзектілік және болжам															
Шынайылық															
Ұтымдылық															
Білім беру процесінің															

шарттары сапасының барлық көрсеткіштері көрсетілген																			
Бақылау және сәтсіздікке бейімділік																			
<b>Барлық ұпайлар</b>																			
<b>Баға</b>																			

Мектепті дамыту бағдарламасының үзіндісін панорамалық қорғауды орындау нәтижелері бойынша тыңдаушылардың қалыптасқан дағдыларын бағалау: цифрлық мектеп ұпайларды 5 балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

1. «5» (өте жақсы): 9-10 балл, (85-100%);
2. «4» (жақсы): 7-8 балл, (75-84%);
3. «3» (қанағаттанарлық): 5-6 балл, (50-74%).

*Курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асырудың нысандары мен тәсілдері:*

1) басқарушылық практиканың проблемалық сұрақтары бойынша оқытушы әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер («Facebook», «WhatsApp», «Telegram» және т.б.) қолдану арқылы қатысушылар үшін онлайн консультациялар өткізеді;

2) Өрлеу виртуалды қауымдастығында жұмыс <https://forum.orleu-edu.kz/>;

3) ресурстық қамтамасыз ету (СБР-лар, айдарлар материалдары, ғылыми-әдістемелік басылымдар каталогы және т. б.):

- «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарының әдістемелік басылымдарының депозитарийі;

- Өрлеу білім беру арнасы

URL: <https://www.youtube.com/channel/UCt4cyznilsPkFaFhnO9JeBw>).

4) басшының кәсіби өсу траекториясын қолдау (қатысушының таңдауы бойынша):

<b>Іс-шаралардың атауы</b>	<b>Өткізілуі</b>	<b>Оқытушының сүйемелдеуі</b>	<b>Аяқталу түрі</b>
Менеджмент саласындағы кәсіби проблемаларды жою мақсатында оқыту семинарларын өткізу	Келісім бойынша	Ұйымдастыру және өткізу	Ұсыныстар
Тыңдаушы материалын жариялау	Жылына 1 рет	Кеңес беру	Мақала (облыстық/республикалық/халықаралық деңгей)
Іс-шараларға қатысу (конференция, семинар, вебинар және т. б.)	Жылына 1 рет	Кеңес беру	Баяндама/мақала (облыстық немесе республикалық/деңгей)
Кәсіби байқауларға қатысу	Келісім бойынша	Кеңес беру	Сертификат
Мектепті дамыту бағдарламасын әзірлеу (толық нұсқасы)	Келісім бойынша	Кеңес беру	Мектепті дамыту бағдарламасы

Басшының кәсіби өсу траекториясы аясындағы іс-шараларды қатысушылар топ кураторымен бірлесіп (таңдау бойынша) біліктілікті арттыру курстарын аяқтау бойынша бір оқу жылына анықтайды.

### **Ауылдық шағын жинақты мектепте цифрлық форматта білім беру процесін ұйымдастыру**

Аудандық/облыстық білім бөлімдерінің/басқармаларының басшылары мектеп басшыларымен бірлесіп, оқу процесін әзірленген критерийлер бойынша қашықтан оқыту форматында ұйымдастыру үшін тірек (толық жинақты) және магнитті (шағын жинақты) мектептерді анықтайды.

#### ***Тірек мектептерді іріктеу критерийлері***

##### ***Оқыту шарттары***

- магнитті мектептен арақашықтық (2-60 км);
- кемінде 100 Мгб/сек жылдамдықпен интернеттің болуы;
- жеке кабинеттің болуы (болғаны дұрыс);
- цифрлы оқу жабдықтарына арналған жиһаздардың болуы;
- цифрлы оқу жабдықтарының болуы: интерактивті панель, компьютерлер, құлаққаптар;
- педагог кадрлардың толық құрамы.

##### ***Штаттық кесте***

- цифрлы кабинет инженері/зертханашысының болуы; (цифрлы оқу жабдықтарымен (интерактивті панель, компьютерлер, құлаққаптар) жабдықталған және сапалы интернетке қол жеткізе алатын қашықтан оқыту форматында сабақ өткізуге арналған оқу бөлмесі
- қашықтан жұмыс істеу дағдыларын меңгерген пән мұғалімінің болуы.

## ***Магнитті мектептерді іріктеу критерийлері***

### ***Оқыту шарттары***

- тірек мектебінен қашықтық (2-60 км.);
- интернеттің болуы 20-100 Мб/сек.;
- жеке кабинеттің болуы (болғаны дұрыс);
- цифрлы оқу жабдықтарына арналған жиһаздың болуы (болғаны дұрыс);
- цифрлы оқу жабдықтарының болуы (интерактивті панель, компьютерлер, құлаққаптар).

### ***Штаттық кесте***

- цифрлы кабинет инженері/зертханашысының болуы;
- қашықтан жұмыс істеу дағдыларын меңгерген пән педагогтің болуы.
- ассистент ретінде қашықтан жұмыс істеу дағдыларын меңгерген маманның болуы.

### ***Тірек және магнитті мектептердің басшылары бірлесін:***

- аудандық, облыстық білім бөлімі/басқармасы, мектеп директорының бұйрығымен бекітілетін қашықтан оқыту форматындағы пәндер тізбесін анықтайды;
- мектеп директорының бұйрығымен бекітілетін таңдау пәндері бойынша онлайн және офлайн оқыту үлесін анықтайды;
- 15 білім алушыдан аспайтын виртуалды сынып білім алушыларының тізімін қалыптастырады. Виртуалды сыныптардың тізімдері тірек мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі және бекітілген ШЖМ-ге жіберіледі;
- виртуалды сабақ кестесін әзірлеп, бекітеді. Сабақ кестесі тірек мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп, бекітілген ШЖМ-ға жіберіледі;
- қашықтан жұмыс істеу үшін педагогтер мен педагогтің ассистенттерін анықтайды. Қашықтан жұмыс істейтін педагогтер мен олардың ассистенттерінің тізімі аудандық білім бөлімі, мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі;
- пәндер бойынша, педагогтің ауырып, жұмыстан босатылған немесе басқа да форс-мажорлық жағдайларда орнын алмастыратын маманды педагог ассистенттерінің арасынан анықтайды. Пәндер бойынша онлайн педагогті ауыстыратын онлайн педагог ассистенттерінің тізімі тірек және магнитті мектеп директорларының бұйрығымен бекітіледі;
- онлайн педагогтердің білім беру қызметінің сапасын бақылау, әдістемелік қолдау көрсету үшін бекітілген ШЖМ-дағы онлайн педагогтер мен оның ассистенттерінің кәсіби қиындық туғызатын аймақтарын анықтау мақсатында сабақтарға бақылау жүргізеді;
- білім алушылардың оқу жетістіктерінің сапасына жүргізген мониторинг нәтижелерін ата-аналардың назарына жеткізеді.

### ***Әрбір тірек және магнитті мектептерде басшылар:***

- цифрлы сыныптағы оқу жабдықтарының сақталуы мен жарамдылығы үшін материалдық жауапкершілік бекітілетін мектеп қызметкерін (цифрлық кабинеттің инженері/зертханашысы) анықтайды;
- педагогтердің мектеп практикасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлей

отырып, білім алушылардың білім сапасына мониторинг жүргізеді;

- мониторинг қорытындысы бойынша «Күнделік» журналының деректері негізінде білім сапасының динамикасы (тоқсан, оқу жылына) бойынша талдамалық ақпарат қалыптастырылады;

- білім сапасының көрсеткіштерін талдау негізінде білім алушыларды дамытудың жеке жоспарлары әзірленеді.

**Заманауи педагог** – нақты тапсырмаларды орындауда өзін көрсете білетін білім алушыға барлық зейінін аудара отырып, сабақты басқаша құрастырады. Әрине, бұл үшін тиімді орта құру керек. Заманауи цифрлы технологиялардың икемділігі мен ашықтығы әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясын қолдау үшін өз ортасын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс – әртүрлі білім беру ұйымдары мүмкіндіктерін ыңғайлы түрде біріктіріп, олардың арасында ауысуға мәжбүр етпеуі тиіс.

Қашықтыққа байланысты ауыл мектебі цифрлы білім беру ортасын құруда кейбір қиындықтарға тап болады.

**Цифрлы білім беру ортасы** (бұдан әрі – ЦБО) бірнеше элементтерден тұрады: мектептердегі жоғары жылдамдықты интернет, цифрлы оқу жабдықтары, оқытуды интерактивті етуге көмектесетін қызметтердің кең жиынтығы. Бірақ бұл қызметтер сабақта педагогпен тікелей байланысты алмастыра алмайды. Бұл жерде қашықтан оқытудың бір түрін (күндізгі) екіншісімен ауыстыру емес, күндізгі оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстарын, білім беру платформаларының мүмкіндіктерін және цифрлық білім беру мазмұнын пайдалану мүмкіндіктері туралы айтылып отыр.

Цифрлық білім беру ортасы – бұл білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы. «Ашық» сөзі ЦБО құрамындағы әртүрлі ақпараттық жүйелерді пайдалану, оларды ауыстыру немесе өз қалауы бойынша жаңаларын қосу мүмкіндігі мен құқығын білдіреді. ЦБО мектеп білім алушыларының үлкен мегаполисте немесе шағын ауылда тұратынына қарамастан – оқу бағдарламасын толық меңгерулеріне көмектесуі керек.

Қоршаған орта жүйеден түбегейлі ерекшеленеді, өйткені ол мүлдем басқа элементтерді қамтиды: бір-бірімен келісілген және қайталанатын, бәсекелес және тіпті антагонистік. Бұл қоршаған ортаның қарқынды дамуына мүмкіндік береді. Қоршаған орта элементтерінің қайсысы берік болатынын, қайсысының ғұмырының ұзаққа бармайтынын, қайсысы жаңа келісілген одақтар құратынын және қайсысы, керісінше, бөлінетінін болжау мүмкін емес.

Жүйенің ортадан айырмашылығы, нақты мақсаттар үшін және келісілген бірлікте жасалады. Оның өміршеңдігі нақты сыртқы жағдайлардың сәйкестік диапазонымен анықталады. Жағдай неғұрлым тез өзгерсе, жүйелердің өмірі соғұрлым қысқа болады.

Білім беруді тиімді ақпараттандырудың негізгі қағидаты – педагогтердің, білім беру ұйымдарының тікелей білім беру процесінің міндеттеріне шоғырлануының пайдасына автоматтандыру, жасанды интеллект құралдары

есебінен бюрократиялық жүктемені төмендету.

Тиімді орта құру – тиімді цифрлық білім берудің негізгі шарты. Орта цифрлық қоғамның міндеттеріне жауап беруі керек – білім беру сұранысы үшін кең таңдау жасауға, қажет болған жағдайда жеке білім беру траекториясын қалыптастыру кезінде оны икемді түзетуге жағдай жасау. Қоршаған орта әртүрлі құралдар жинағын ұсынуы керек:

- өздігінше және/немесе тәлімгердің көмегімен үйрену;
- жылдам әрі жақсы кері байланыс үшін;
- жас кедергілері жоқ кең тұлғааралық кооперация үшін.

Мұндай ортаны құру қатаң стандарттар мен орталықтандырылған шектеулер жағдайында мүмкін емес. Қазіргі қоғамның динамикасы ашық бәсекелестікті талап етеді. Ашық бәсекелестік үшін цифрлық ортада жаңа білім беру өнімдері мен қызметтерін қосу және одан ескілерін шығару үшін қарапайым контурлық ережелер қажет. Шектеулер минималды және тәуекелдер тым жоғары болған жағдайларда ғана болуы керек.

Ашық экожүйе ретінде ортаны қалыптастырудың негізгі құралы – оның құрамындағы әртүрлі ақпараттық жүйелер арасында деректер алмасу хаттамаларына арналған стандарттар.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қарқынды өзгерістермен күресу үшін алдымен «платформаларға» көшті, ал қазір «экожүйелер» туралы көбірек айтылуда:

**Платформа** – бұл басқа тарап әзірлеушілеріне платформада қарастырылған ашық құралдарды қолдана отырып, сол платформада жұмыс істей алатын және басқа өнімдермен өзара әрекеттесе алатын өз өнімдерін құруға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйенің құрылысы.

**Экожүйе** – бұл басқа тарап әзірлеушілерінен өз өнімдері үшін арнайы құралдарды пайдалануды талап етпейтін ақпараттық жүйелердің құрылысы: деректерді бөлісудің келісілген хаттамасын жүзеге асыру жеткілікті. Бұл осы Хаттама іске асырылған жағдайда кез келген ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **ЦБО құрудың ұйымдастырушылық принциптері**

**Бірлік** – әртүрлі мамандандырылған міндеттерді ЦБО әртүрлі бөліктерінде шешетін әртүрлі цифрлық технологияларды бірыңғай білім беру және технологиялық логикада келісілген қолдану.

**Ашықтық** – сыртқы жүйелерді қосу және жарияланған хаттамалар негізінде өзара деректер алмасуды қоса алғанда, ЦБО-ны жаңа технологиялармен кеңейту еркіндігі,

**Қолжетімділік** – интернет арқылы қосылу әдісіне қарамастан, белгілі бір пайдаланушыға арналған лицензиялық шарттарға сәйкес коммерциялық және коммерциялық емес ЦБО элементтерінің шексіз функционалдығы.

**Бәсекелестік** – ЦБО-ны бәсекелес технологиялармен толық немесе ішінара ауыстыру еркіндігі.

**Жауапкершілік** – әрбір субъектінің өзінің жауапкершілігі аймағында ақпараттандыру міндеттерін өз ойы бойынша шешу, оның ішінде деректермен



алмасу жөніндегі міндеттерді аралас ақпараттық жүйелермен келісуге қатысу құқығы, міндеті және мүмкіндігі.

*Жеткіліктілік* – ақпараттық жүйе құрамының өзі құрылған субъектінің мақсаттарына, өкілеттіктері мен мүмкіндіктеріне сүйемелдеуге негізсіз шығындарды талап ететін артық функциялар мен деректер құрылымдарының сәйкестігі.

*Тиімділігі* – ЦБО енгізу арқылы пайдаланушының жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыру және/немесе еңбек шығындарын азайту.

***Мақсаттарды құру***

***Білім алушы үшін:***

- білім беру траекториясын құру мүмкіндіктерін кеңейту;
- ең заманауи білім беру ресурстарына қол жеткізу;
- білім беру ұйымдарының аясын бүкіл әлемдік деңгейге көтеру.

***Ата-ана үшін:***

- балаға білім беру үшін мүмкіндіктерді кеңейту;
- білім беру нарығындағы бәсекелестікті арттыру есебінен шығындарды азайту;
- білім беру процесінің ашықтығын арттыру;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынасты жеңілдету.

***Педагог үшін:***

- автоматтандыру арқылы бюрократиялық жүктемені азайту;
- автоматтандыру арқылы білім алушылардың тапсырмаларды орындауын бақылау бойынша күнделікті жүктемені азайту;
- білім беру процесін бақылаудың ыңғайлылығын арттыру;
- білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыру;
- тапсырмаларды құру және орындау кезінде білім алушыларды ынталандыру үшін жаңа жағдайлар жасау;
- білім беру процесінің белсенділігін білім алушыға ауыстыру үшін жаңа жағдайлар қалыптастыру;
- білім алушының жеке білім беру траекториясын қалыптастыру жағдайларын жеңілдету;

***Мектеп үшін:***

- жүктеменің бір бөлігін АТ-ға ауыстыру есебінен ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;
- процесті желілік ұйымдастыру арқылы білім беру ұсынысының мүмкіндіктерін кеңейту;
- автоматтандыру арқылы бюрократиялық жүктемені азайту;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынас мүмкіндіктерін кеңейту.

Қазіргі мектеп қызметіндегі басым бағыттардың бірі білім беру процесін ақпараттандыру. Ол оқу сабақтарының тиімділігі мен сапасын арттыруға және АКТ (ақпараттық-коммуникативтік технологиялар) қолдану арқылы

әкімшілендіруге бағытталған процесс ретінде қарастырылады. Мектеп білім алушыларының интернет желісінде жұмыс істеу мүмкіндігі бар және күнделікті сабақтан тыс уақытта әрбір тілек білдіруші (педагог немесе білім алушы) оқу тапсырмаларын орындау үшін техникалық және желілік ресурстарды пайдалана алады.

Ауылдық шағын жинақты мектептер ерекше назар аударуды және проблемаларды шешу жолдарын қарастыруды қажет етеді.

Білім берудің жаңа сапасы педагогтердің алдына білім алушының белсенділігін арттыруға ықпал ететін жаңа білім беру технологияларын іздеу міндетін қояды, бұл жерде білім алушы объект емес, субъект болып табылады.

Ауылдық шағын жинақты мектепті дамытудың жаңа деңгейіне қол жеткізу **кешенді тәсілді** талап етеді: мектептерді сапалы интернетпен, цифрлы оқу жабдықтарымен қамтамасыз ету, электронды оқулықтар мен цифрлы білім беру ресурстарын пайдалана отырып, әртүрлі онлайн білім беру платформалары арқылы цифрлы білім беру кеңістігінде жұмыс істеу үшін тірек және ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтері мен білім алушыларын даярлау.

Қолда бар статистикалық деректерді, халықаралық тәжірибені, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін ескере отырып, қазіргі уақытта мынадай жобаларды іске асыру арқылы ШЖМ проблемаларын кешенді шешу мүмкіндігі көзделеді:

**1) СҚО ауылдық және шағын жинақты мектептерінің педагогтері мен білім алушыларын қолдау жөніндегі «Microsoft» компаниясымен бірлескен жоба** (2023 жылғы қаңтардан бастап).

*Жоба «Microsoft Teams» қосымшасы негізінде білім беру үшін бірыңғай цифрлы платформаға қолжетімділікті қамтамасыз ету және білім беру процесінде «Microsoft» компаниясының өнімдерін пайдалану арқылы ауылдық және шағын жинақты мектептердің білім алушыларына ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған.*

Жобаны жоспарлы тәртіппен іске асыру, жобаны іске асыру мониторингі және СҚО педагогтеріне жүйелі әдістемелік қолдау көрсету үшін «Microsoft Kazakhstan» компаниясының, СҚО Білім басқармасының және Академияның іс-шараларын қамтитын Жол картасы әзірленді.

Пилоттық жобаны іске асыру үшін СҚО-ның 25 ауылдық мектебі (8 тірек мектеп, 17 магнитті мектеп) анықталды және білім беру процесінде Microsoft өнімдерін зерделеу және сынақтан өткізу үшін математика, физика, химия, биология, география, ағылшын тілі пәндері бойынша 107 педагог тартылды.

2023 жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында Жобаның мүдделі тараптары жоспарлы түрде кешенді жұмыс жүргізді.

Келешекте жобаны СҚО-ның барлық ШЖМ-сын масштабтау жоспарлануда.

**2) «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» Жобасы**

*Жоба жекелеген пәндер бойынша нақты уақыт режимінде қашықтан оқыту форматында оқытуды ұйымдастыру арқылы ауылдық және шағын*

*жинақты мектептердің білім алушыларына ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған.*

Осы жобаны іске асыру үшін Ақтөбе облысы бойынша жоғары жылдамдықты интернетке қосылған және ЖАО есебінен цифрлы оқу жабдықтарымен жабдықталған 10 жетекші және 120 шағын жинақты мектептер анықталды. Қашықтан оқыту 5 пән бойынша жүргізіледі: математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі. Облыстың 35 білікті педагогі 10 575 білім алушыға виртуалды сабақ өткізеді.

**3) «Ауылдық ШЖМ-да сапалы білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз ету» жобасы**

*Жоба әртүрлі интернет сапасы бар ауылдық және шағын жинақты мектептерде жекелеген пәндер бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған;*

*- Ақтөбе облысының тәжірибесі бойынша нақты уақыт режимінде барлық мектептерді бір уақытта қосып, бір тілде оқытатын бір сынып білім алушыларына арналған интернет арқылы өткізілетін онлайн сабақ;*

*- интернет жылдамдығы жеткілікті тұрақты ШЖМ-да цифрлы шешімдерді пайдалана отырып өткізілетін офлайн сабақ;*

*- тірек мектеп педагогі өткізетін онлайн/офлайн сабақ: магнитті ШЖМ-да бір сыныпта бір тілде және 25 білім алушыдан артық емес;*

*- цифрлы шешімдерді қолдану арқылы өткізілетін офлайн сабақ.*

*Жобаны іске асыру 2023-2024 оқу жылынан бастап пилоттық режимде кезең-кезеңімен 5 облыста: Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында жоспарлануда.*

Бұл жобалар білім алушылардың тұратын жеріне қарамастан білім беру бағдарламаларын іске асыруға арналған цифрлы білім беру технологияларын, электронды ақпараттық-білім беру ортасын, цифрлы білім беру контентін, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, технологиялық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асатын жағдайлардың жиынтығын білдіреді.

Жоғарыда аталған барлық жобаларды іске асырудың мақсаты - ауылдық шағын жинақты мектептер білім алушыларының сапалы білімге қол жеткізулерін қамтамасыз ету.

## **2. АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ПЕДАГОГТЕРІН ЦИФРЛЫ АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Орта білім беру жүйесін трансформациялаудың қазіргі жағдайында жаңа үлгідегі педагогке қойылатын талаптар өзгеруде, ол жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерден басқа, цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы құзыреттерге ие болуы керек.

Жаңа цифрлық құралдардың адам қызметінің әртүрлі салаларына енуіне байланысты білім берудің цифрлы трансформациясы басталды, яғни оқу жұмысының мазмұны, әдістері мен формалары өзгеруде, білім беру процесінің тиімділігін арттыратын мамандандырылған цифрлық құралдар мен қызметтер қосылады.

Педагогтің АКТ құзыреттіліктерін меңгерудегі дағдылары еліміздегі экономиканың барлық салаларын, соның ішінде білім беру саласын кеңінен цифрландыруға көшу жағдайында қажеттілікке ғана емес, сонымен қатар шұғыл қажеттілікке айналады. Мұндай жағдайда педагогтің міндеті білім алушылардың бойына өз пәні бойынша қажетті білімді сіңірумен қатар цифрлы білім беру кеңістігінде жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Білім беруді цифрландыру, яғни электронды құралдар бүкіл білім беру ортасын, оның ішінде әсіресе педагогтерді алмастырады дегенді білдірмейді. Зерттеу нәтижелері бұған қарсы – оқыту офлайн және ішінара онлайн режимінде құрылған форматтар, әдетте, толық қашықтан оқытудан және заманауи цифрлық құралдардан абсолютті түрде бас тартудан тиімдірек. Педагог пен білім алушылардың өзара жақсы қарым-қатынасының нәтижесінде сапалы білім болады, ал бірсарынды, қызықсыз, ешқандай кері байланыс бермейтін онлайн курстардың ешкімге де пайдасы жоқ екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Сондықтан педагог қазіргі уақытта қазақстандық білім беруді жаңғыртуда маңызды тұлғаға айналуға, ең алдымен оның кәсібилігі мен шеберлігіне баса назар аударылады. Педагогтің басқаларды өмір бойы үйретуге құқы бар.

Қазіргі таңда білім саласы қанатын кеңге жайып, сәт сайын өзгеру үстінде. Әлемдегі көптеген елдер жалпы орта білім беруді жаңғырту қажеттілігін мойындады, өйткені жалпы білім беретін мектептің тиімділігі кез келген елдің даму дәрежесінің және оның халықаралық беделінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Қашықтан білім беру біздің күнделікті өмірімізге нық әрі сенімді түрде енуде. Қазіргі уақытта ол өзінің сұранысын және оны одан әрі дамыту үшін жақсы перспективаларын көрсетті. Білім беруді түрлендіру жағдайында педагог кадрларды даярлау проблемасы өзектендіріледі, қашықтан оқытуды сапалы ұйымдастыруда педагогтің рөлі артуда. Білім беруді түрлендіру жағдайында педагогтің рөлін анықтау мәселесі бүгінде өте өзекті, өйткені оны дұрыс түсінбеу білім беру процесінің сапасының төмендеуіне алып келеді. Қашықтан оқыту жүйесінде «педагог – білім алушы» қарым-қатынасының үлгісі мен мазмұны ғана емес, сонымен қатар тараптардың әрқайсысының функциялары да өзгереді.

Қашықтан оқытуды біз «қашықтан білім беру ақпаратымен алмасу құралдарына негізделген мамандандырылған ақпараттық-білім беру ортасының көмегімен көрсетілетін білім беру қызметтерінің жиынтығы» деп түсінеміз.

Қашықтан оқыту жүйесін мамандандырылған ақпараттық-білім беру ортасы арқылы қашықтан оқытудың барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін білім беру процесін ұйымдастырудың үлгісі ретінде қарастыра отырып, білім беру процесінің барлық қатысушылары белгілі бір бағдарламалық жасақтаманы игеру проблемасына да, оқу материалын оқыту мен игерудегі бірқатар психологиялық қиындықтарды жеңуге де тап болатындығын түсіну керек. Осыған байланысты қашықтан оқытуды жүзеге асыратын педагог бетпе-бет форматта жұмыс істеу үшін қажетті рөлдерді толықтыратын жаңа рөлдер мен құзыреттерді игеруі керек.

Цифрлық ресурстармен жұмысты іске асыру үшін дәстүрлі кәсіби құзыреттіліктен басқа, педагогке виртуалды білім беру ортасында оқу процесін ұйымдастыру үшін қашықтан оқыту технологияларын кәсіби қолдану, қазіргі кездегі технологияларды еркін меңгеру қажет болады. Ақпараттық қоғам дамуының жоғары қарқыны АКТ технологияларына жылдам өзгерістер әкеледі, бұл оқыту мазмұнның өзгеруіне алып келеді. Осыған байланысты педагог үздіксіз біліктілікті арттыруға, өзін-өзі дамытуға және жетілдіруге ұмтылуы керек. Педагогтің маңызды құзыреттілігі – виртуалды білім беру ортасында білім беру процесін ұйымдастыру және басқару, қашықтан оқыту принциптерін дұрыс таңдау және оларды оқу процесінде басшылыққа алу, білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін талдай білу және олардың уәждемесін қолдау; бақылауды ұйымдастыра білу: тесттерді әзірлеу; тиісті цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, бақылаудың топтық және жеке үлгілерін жүргізу және т.б.

Оқу процесін қашықтан оқыту форматында ұйымдастырған кезде педагог заманауи педагогтің құзыретіне ие болуы керек:

- 1) онлайн оқу материалдарын табу және бағалау;
- 2) қызықты көрнекі материалдар жасау;
- 3) желіде ақпаратты тиімді іздей білу;
- 4) кәсіби даму үшін әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалану;
- 5) оқу ресурстарын ұсыну және тарату;
- 6) цифрлы портфолио құру, өңдеу және тарату;
- 7) мультимедиялық мазмұн жасау, өңдеу және тарату;
- 8) заманауи педагогикалық тәжірибелерді енгізу үшін онлайн-құралдарды пайдалану: төңкерілген сынып, аралас оқыту, мобильді оқыту, жобалық оқыту және т. б.
- 9) басқа педагогтермен байланыс орнату.

Қазіргі уақытта педагогикалық ЖОО-лар үшін қашықтан оқыту педагогтерін даярлау бойынша бағдарламалардың жоқтығы маңызды мәселелердің бірі.

Педагогтің рөлі қашықтан оқыту жүйесінде бірқатар өзгерістерге ұшырайды. Қашықтан оқыту форматындағы педагогтің негізгі рөлі оқу процесін ғана емес, білім алушының іс-әрекетін сүйемелдеу және қолдау.

Виртуалды коммуникацияны тұрақты режимде орнату, цифрлық білім беру ортасында сабақ өткізудің өзіндік әдістемесін құру, білім беру процесінде қолданылатын технологияларды, цифрлық ресурстарды нақты анықтау және үнемі өзін-өзі жетілдіруге дайын болу өте маңызды.

Қашықтан білім беру қызметтерін ұсыну бойынша педагогтерді жұмысқа дайындау үшін «Шағын жинақты мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары әзірленді.

Білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) өзектілігі Қазақстан Республикасындағы білім беруді цифрландырудың қазіргі заманғы тенденцияларына сәйкес пәндерді оқытуда инновациялық тәсілдерді енгізуден тұратын ауылдық шағын жинақты мектептердегі білім беру процесін жаңғырту.

Бағдарлама цифрлық білім беру технологиялары мен онлайн-сервисстер негізінде ауылдық шағын жинақты мектептер (бұдан әрі – ШЖМ) педагогтерінің оқыту дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама бойынша оқыту барысында келесі терминдер мен ұғымдар қолданылады:

*Мобильді оқыту* – білім алушыны тұратын жерін өзгерткен немесе ауыстырған кезде мобильді құрылғылар арқылы электронды оқыту.

*Білім беру контенті* – білім беру процесінде қолданылатын құрылымдық пәндік мазмұн.

*Ашық білім беру ресурстары* – тегін пайдалануға болатын ашық лицензия шарттарымен таратылатын әдістемелік және білім беру ресурстары.

*Ресурс* – цифрлы үлгідегі ақпарат, цифрлы жабдық немесе бағдарламалық жасақтама.

*Біріктірілген оқыту* – бұл қатысушылар ортақ мақсатқа жету үшін өзара әрекеттесетін білім беру процесі.

*Аралас оқыту* – желілік оқытуды бетпе-бет немесе офлайн оқытумен біріктіру.

*Әмбебап дизайн* – бұл барлық адамдарға арнайы бейімделусіз оларды барынша пайдалануға мүмкіндік беретін өнімдерді, орталарды, бағдарламалар мен қызметтерді дамытудың үлгісі.

*Қалыптастырушы бағалау* – бұл білім алушылар нені қайталау керектігін түсінбегенін және оқу жұмысының келесі кезеңіне өтуге дайын екендігін көрсете отырып, оқу процесін бағыттауға көмектесетін аралық бағалау.

*Цифрлы құралдар жинағы* – цифрлық ресурстарды құру және дамыту үшін еркін қол жетімді қолданбалы бағдарламалық құралдар жиынтығы.

*Цифрлы қызмет* – бұл пайдаланушыларға ресурстарға меншік құқығын бермей, ақпараттық ресурстарды ұсына отырып, қашықтан жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қызметтер жиынтығы.

*Цифрлық білім беру ортасы (ЦБО)* – бұл білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы.

## Бағдарламаның тақырыптары

<b>Диагностикалық тестілеу</b>	Цифрлы форматта оқу процесін ұйымдастыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін бағалау
<b>1-модуль. Педагогтің цифрлық құзыреттілігі</b>	1.1 Цифрлы немесе аралас форматта сабақ өткізу кезінде интерактивті тақталардың мүмкіндіктерін пайдалану
	1.2 Біріктірілген сыныптарда цифрлық сабақты жобалау үшін оқу материалын бейімдеу
	1.3 Цифрлы сабақты өткізудегі синхронды және асинхронды байланыс
<b>2-модуль. Цифрлы білім беру ортасы жағдайында пән мазмұнын оқыту әдістемесі</b>	2.1 Біріктірілген сыныптарда цифрлық білім беру ортасы жағдайында сабақты жоспарлау және әзірлеу ерекшеліктері
	2.2 Цифрлы оқытудың заманауи технологиялары: төңкерілген сынып, адаптивті оқыту, микрооқыту және геймификация
	2.3 Аралас оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқу процесін жобалау – «Blended Learning technology»
	2.4 Оқу қызметін цифрлы немесе аралас форматта ұйымдастыру үшін қолданылатын оқыту стратегиялары мен тәсілдері
	2.5 Цифрлы сабаққа арналған оқу контентің таңдау және құру
	2.6 Цифрлы сабаққа интерактивті тапсырмаларды іріктеу және әзірлеу үшін онлайн-сервистерді пайдалану
	2.7 Цифрлы сабақта қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру
	2.8 Цифрлы форматта кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыру үшін сервистер мен құралдарды пайдалану
	2.9 «Bilimland», «AmanSultan», «Daryn.online», «Topic» цифрлық платформаларды қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру
	2.10 Цифрлы білім беру ортасында жұмыс істеудің педагогикалық практикасы
<b>3-модуль. Вариативтік мазмұн</b>	3.1 Мектептің цифрлық білім беру ортасы жағдайында білім алушылардың жобалау қызметін ұйымдастыру
	3.2 Білім берудегі нақты виртуалды технологиялар
	3.3 Білім алушылардың цифрлық ойлауын дамыту
<b>Қорытынды тестілеу</b>	Оқу процесін цифрлы форматта ұйымдастыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін айқындау

**Бағдарламаның мақсаты** – цифрлы білім беру технологиялары мен онлайн-сервистер негізінде ауылдық шағын жинақты мектептердің (бұдан әрі – ШЖМ) педагогтерін оқыту дағдыларын жетілдіру.

**Міндеттері:**

- цифрлы форматта оқу процесін ұйымдастырудағы педагогтердің кәсіби қиындықтарын талдау;
- сабақ өткізу саласындағы педагогтердің цифрлы немесе аралас форматтағы цифрлық құзыреттіліктерін дамыту;
- цифрлы білім беру ортасы жағдайында пән мазмұнын оқыту әдістемесін жетілдіру;
- цифрлы білім беру технологиялары мен онлайн-сервистер негізінде ауылдық ШЖМ-да оқытуды жобалау.

### **Күтілетін нәтижелер**

Курс аяқталғаннан кейін қатысушылар:

- сабақты цифрлы немесе аралас форматта өткізудің негізгі қағидаттарын түсіндіреді;
- цифрлы білім беру ортасы жағдайында пән мазмұнын оқыту әдістемесін қолданады;
- цифрлы білім беру технологиялары мен онлайн-сервистер негізінде ауылдық ШЖМ-да оқытуды жобалау қабілетін көрсетеді.
- өз тәжірибелерін талдайды, бағалайды, қорытынды жасайды, жұмыс тәжірибесімен алмасады.

Бағдарлама аралас немесе цифрлық форматта оқу сабақтарын жоспарлау мен ұйымдастырудың инновациялық технологияларының негіздерін дәйекті түрде ашатын өзара байланысты 3 модульден тұрады:

#### **1) 1-модуль. Педагогтің цифрлық құзыреттіліктері**

Модульде цифрлы білім беру ортасында сабақтарды жоспарлап, өткізгелі жатқан педагогтің негізгі цифрлық құзыреттіліктері қарастырылған. Сабақты цифрлы немесе аралас форматта өткізу кезінде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалану үшін жеткілікті практикалық дағдыларды меңгеруге ерекше көңіл бөлінеді. Біріктірілген сыныптарда цифрлы сабақты жобалау үшін оқу материалын бейімдеу процесі, оның көлемі және оқытудың нәтижелі процесін ұйымдастыру үшін қажет жағдайлар қарастырылған. Цифрлы және аралас сабақта тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін синхронды және асинхронды өзара әрекеттесуді біріктіретін тәсілдер ұсынылған. Тыңдаушының осы модульдің тақырыптарын оқу кезінде алатын білік пен дағдылары цифрлы білім беру ортасында жұмыс істеудің негізгі аспектілерін түсіну үшін қажет.

#### **2) 2-модуль. Цифрлы білім беру ортасы жағдайында пән мазмұнын оқыту әдістемесі**

Бұл модуль заманауи цифрлық оқыту технологияларын ұсынады, мысалы, төңкерілген сынып, адаптивті оқыту, микрооқыту және геймификация, сонымен қатар аралас оқыту технологиялары – «Blended Learning» технологиясы арқылы білім беру процесін құру мәселесі қарастырылады. Цифрлы білім беру ортасы жағдайында сабақты жоспарлау және дамыту ерекшеліктеріне, сондай-ақ осы сабақты өткізу кезінде қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістерін дұрыс таңдауға назар аударылады. Цифрлы форматта жобаланған сабақтарға бейімделу



талаптарын ескере отырып, әртүрлі форматтағы көпфункционалды бұлтты қызметтерді қолдана отырып, оқу мазмұнын пайдалану және құру әдістері ұсынылған. Цифрлы білім беру ортасы жағдайында білім беру нәтижелерін бағалау тәсілдері қарастырылды.

### **3) 3-модуль. Вариативтік мазмұн**

Педагогтердің біліктілігін арттыру олардың кәсіби құзыреттілігін кеңейтуді және цифрлы немесе аралас форматта сабақтарды құрастыру және өткізу дағдыларын дамытуды көздейді. Модуль педагогтерге цифрлы немесе аралас сабақты өткізу кезінде өз пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру үшін ең қызықты бағытты анықтай отырып, ұсынылған тақырыптардың бірін таңдауға мүмкіндік береді.

#### ***Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:***

- күндізгі оқу нысаны бойынша курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес күндізгі оқу нысаны (бұдан әрі – ОТЖ). Күндізгі бөлімдегі курстардың ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ сағаттарының саны екі есеге азаяды;

- осы Бағдарлама бойынша курстың оқу жоспарына сәйкес *онлайн оқыту* және оқытудың екі кезеңін қамтиды: қашықтан (онлайн) – 40 сағат, өздігінен (офлайн) – 40 сағат.

Оқу үдерісі интерактивті формалар мен оқыту әдістерін қамтиды: семинар, тренинг, практикалық жұмыс (ТӨЖ), топтық жұмыс, мәселені бірлесіп шешу, сонымен қатар кейс-стадилер. Онлайн форматтағы курс үшін онлайн вебинар және тыңдаушының өздік жұмысы қарастырылған.

Бүкіл оқу процесі оқытушылар мен қатысушылардың интерактивті ынтымақтастығына негізделген, ол оқылатын тақырыптарды жаңаша түсінуге, мәселелерді оңтайлы меңгеруге және курстың әрбір қатысушысының жеке қабілеттерінің ашылуына ықпал етеді.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде қатысушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында шығыс сауалнамасы, диагностикалық және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

***Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету*** оқу-әдістемелік кешеннен (ОӘК) тұрады, ол оқу процесін жүзеге асыру үшін қажетті жүйеленген оқу-әдістемелік құжаттардың жиынтығы болып табылады және оқу жоспарын, презентацияларды, тест тапсырмаларының банкін, тыңдаушы портфолиосын қамтиды.

Оқу жоспарында ОТЖ ұсынған сабақтардың қысқаша жоспарлары мен сценарийлері, бағалау бойынша қатысушыларға арналған нұсқаулықтар, тест тапсырмаларының кодификаторы мен банкі, әдебиеттер тізімі бар.

Сабақтың сценарийлері сабақтың әр кезеңінде қатысушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формалары мен әдістерінің сипаттамасын, тапсырмаларды, оның ішінде дескрипторлармен формативті бағалауға арналған тапсырмаларды, оқу мәтіндерін қамтиды.

Қатысушы портфолиосы – бұл бағдарлама мазмұнын толықтыратын құрылымдық материалдардың жиынтығы немесе инфотекасы. Портфолио Бағдарламаның мақсаты мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес келетін нормативтік

құқықтық актілерге, практикалық ресурстарға, оқу-әдістемелік құралдарға, мақалаларға сілтемелерден тұрады. Портфолиода қатысушылар үшін практикалық маңызы бар және Бағдарламаның мазмұнына сәйкес құрылымдалған курс бағдарламасы бойынша тиісті материалдар мен ресурстардың тізімі бар.

Толық ОӘК «Microsoft OneDrive» бұлттық қоймасына және <https://lms.orleu-online.kz/> платформасына жүктеледі.

### **Ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтеріне арналған күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары**

<b>№</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сабақ</b>	<b>Жоба қорғау</b>	<b>Тестілеу</b>	<b>Барлығы</b>
<b>Диагностикалық тестілеу</b>				1	1
<b>1-модуль. Педагогтің цифрлық құзыреттілігі</b>		<b>14</b>			<b>14</b>
1	Цифрлы немесе аралас форматта сабақ өткізу кезінде интерактивті тақталардың мүмкіндіктерін пайдалану	8			8
2	Біріктірілген сыныптарда цифрлы сабақты жобалау үшін оқу материалын бейімдеу	4			4
3	Цифрлы сабақты өткізудегі синхронды және асинхронды байланыс	2			2
<b>2-модуль. Цифрлы білім беру ортасы жағдайында пән мазмұнын оқыту әдістемесі</b>		<b>56</b>	<b>4</b>		<b>60</b>
1	Біріктірілген сыныптарда цифрлы білім беру ортасы жағдайында сабақты жоспарлау және әзірлеу ерекшеліктері	8			8
2	Цифрлы оқытудың заманауи технологиялары: төңкерілген сынып, адаптивті оқыту, микрооқыту және геймификация	4			4
3	Аралас оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқу процесін жобалау – «Blended Learning technology»	8			8
4	Оқу қызметін цифрлы немесе аралас форматта ұйымдастыру үшін қолданылатын оқыту стратегиялары мен тәсілдері	4			4

5	Цифрлы сабаққа арналған оқу контентің таңдау және құру	8			8
6	Цифрлы сабаққа интерактивті тапсырмаларды іріктеу және әзірлеу үшін онлайн-сервистерді пайдалану	8			8
7	Цифрлы сабақта қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру	4			4
8	Цифрлы форматта кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыру үшін сервистер мен құралдарды пайдалану	4			4
9	«Bilimland», «AmanSultan», «Daryn.online», «Topic» цифрлық платформаларды қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру	8			8
10	Цифрлы білім беру ортасында жұмыс істеудің педагогикалық практикасы		4		4
<b>3-модуль. Вариативтік мазмұн</b>		<b>4</b>			<b>4</b>
1	Мектептің цифрлы білім беру ортасы жағдайында білім алушылардың жобалау қызметін ұйымдастыру				
2	Білім берудегі нақты виртуалды технологиялар				
3	Білім алушылардың цифрлық ойлауын дамыту				
<b>Қорытынды тестілеу</b>				<b>1</b>	<b>1</b>
<b>Барлығы:</b>		<b>74</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>80</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

### Ауылдық шағын жинақты мектептердің педагогтеріне арналған онлайн оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Вебинар	Жоба қорғау	Тестілеу	Тындаушының өзіндік жұмысы	Барлығы
<b>Диагностикалық тестілеу</b>				<b>1</b>		<b>1</b>
<b>1-модуль. Педагогтің цифрлық құзыреттілігі</b>		<b>6</b>			<b>8</b>	<b>14</b>
1	Цифрлық немесе аралас форматта сабақ өткізу кезінде интерактивті	4			4	8

	тақталардың мүмкіндіктерін пайдалану					
2	Біріктірілген сыныптарда цифрлық сабақты жобалау үшін оқу материалын бейімдеу	2			2	4
3	Цифрлық сабақты өткізудегі синхронды және асинхронды байланыс				2	2
<b>2-модуль. Цифрлы білім беру ортасы жағдайында пән мазмұнын оқыту әдістемесі</b>		<b>28</b>	<b>4</b>		<b>28</b>	<b>60</b>
1	Біріктірілген сыныптарда цифрлы білім беру ортасы жағдайында сабақты жоспарлау және әзірлеу ерекшеліктері	4			4	8
2	Цифрлы оқытудың заманауи технологиялары: төңкерілген сынып, адаптивті оқыту, микрооқыту және геймификация	2			2	4
3	Аралас оқыту технологияларын пайдалана отырып, оқу процесін жобалау – «Blended Learning technology»	4			4	8
4	Оқу қызметін цифрлық немесе аралас форматта ұйымдастыру үшін қолданылатын оқыту стратегиялары мен тәсілдері	2			2	4
5	Цифрлық сабаққа арналған оқу контентің таңдау және құру	4			4	8
6	Цифрлық сабаққа интерактивті тапсырмаларды іріктеу және әзірлеу үшін онлайн-сервистерді пайдалану	4			4	8
7	Цифрлық сабақта қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру	2			2	4

8	Цифрлық форматта кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыру үшін сервистер мен құралдарды пайдалану	2			2	4
9	«Bilimland», «AmanSultan», «Daryn.online», «Topic» цифрлық платформаларды қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру	4			4	8
10	Цифрлық білім беру ортасында жұмыс істеудің педагогикалық практикасы		4			4
<b>3-модуль. Вариативтік мазмұн</b>		<b>2</b>			<b>2</b>	<b>4</b>
1	Мектептің цифрлық білім беру ортасы жағдайында білім алушылардың жобалау қызметін ұйымдастыру					
2	Білім берудегі нақты виртуалды технологиялар					
3	Білім алушылардың цифрлық ойлауын дамыту					
<b>Қорытынды тестілеу</b>				1		1
<b>Барлығы:</b>		<b>36</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>38</b>	<b>80</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

